

Ертіс аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы "2021 – 2023 жылдарға арналған Ертіс аудандық бюджеті туралы" № 265-61-6 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 19-4-7 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 4 мамырда № 7270 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106-бабы 4-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Ертіс аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ертіс аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы "2021 – 2023 жылдарға арналған Ертіс аудандық бюджеті туралы" № 265-61-6 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7112 болып тіркелген, 2020 жылғы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне электрондық түрде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген шешімнің 1-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"1. 2021 – 2023 жылдарға арналған Ертіс аудандық бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2021 жылға арналған келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 6390378 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер – 633289 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 9001 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 4806 мың теңге;

трансферттер түсімі – 5743282 мың теңге;

2) шығындар – 6477263 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 46602 мың теңге, соның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 65633 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 19031 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – нөлге тең;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -133487 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 133487 мың теңге.";

2) көрсетілген шешімнің 6-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"6. 2021 жылға арналған аудандық бюджетінде Ертіс ауданының ауылдар және ауылдық округтерінің бюджеттеріне берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер келесі көлемдерінде ескерілсін:

13104 мың теңге - әкімшілік ғимаратты күрделі жөндеуге;

65728 мың теңге - ауылдық елді мекендерді абаттандыру бойынша іс - шаралар өткізуге;

68494 мың теңге – "Ауыл – Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға;

3833 мың теңге – факторлық - баллдық шкала бойынша еңбекақы төлеу жүйесінде мемлекеттік қызметшілерге бонустар төлеуге.";

3) көрсетілген шешімнің 9-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"9. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандарға, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер көзделсін.";

4) көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ертіс аудандық мәслихатының бюджет, әлеуметтік саясат және заңдылық жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ертіс аудандық мәслихатының сессия төрағасы

Ертіс аудандық мәслихатының хатшысы

И. Айтимбетова

Б. Шингисов

Ертіс аудандық мәслихатының
2021 жылғы 23 сәуірдегі
№ 19-4-7 шешіміне
қосымша

Ертіс аудандық мәслихатының
2020 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 265-61-6 шешіміне
1-қосымша

2021 жылға арналған Ертіс аудандық бюджеті (өзгерістермен)

Санаты				Сомасы (мың теңге)
Сыныбы				
Кіші сыныбы				
Атауы				
1	2	3	4	5

		1. Кірістер	6390378
1		Салықтық түсімдер	633289
	01	Табыс салығы	290704
		1 Корпоративтік табыс салығы	15500
		2 Жеке табыс салығы	275204
	03	Әлеуметтік салық	252241
		1 Әлеуметтік салық	252241
	04	Меншікке салынатын салықтар	55011
		1 Мүлікке салынатын салықтар	55011
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	33509
		2 Акциздер	1772
		3 Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	27474
		4 Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	4263
	08	Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	1824
		1 Мемлекеттік баж	1824
	2	Салықтық емес түсімдер	9001
		01 Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	5903
		5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	5881
		7 Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	22
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	3098
		1 Басқа да салықтық емес түсімдер	3098
	3	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	4806
		01 Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	3406
		1 Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	3406
		03 Жерді және материалдық емес активтерді сату	1400
		1 Жерді сату	753
		2 Материалдық емес активтерді сату	647
	4	Трансферттердің түсімдері	5743282
		01 Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	5
		3 Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	5
		02 Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	5743277
		2 Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	5743277

Функционалдық топ					Сомасы (мың тенге)
Кіші функция					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6

				2. Шығындар	6477263
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	505677
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	170781
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	19455
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	19455
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	151326
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	151326
	2			Қаржылық қызмет	68848
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	68848
			001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	44906
			003	Салық салу мақсатында мүлкікті бағалауды жүргізу	674
			010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1011
			018	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5320
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	16937
	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	36221
		453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	36221
			001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	36221
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	229827
		454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	44647
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	44647
		810		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономиканың нақты секторы бөлімі	185180
			001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс, сәулет және қала құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	46958
			040	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	4000
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	134222
02				Қорғаныс	17400
	1			Әскери мұқтаждар	9702
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	9702
			005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	9702
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	7698
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	7698
1	2	3	4	5	6

		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	7698
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	522540
	1		Әлеуметтік қамсыздандыру	85336
		451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	85336
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	84832
		057	Атаулы мемлекеттік әлеуметтік көмек алушылар болып табылатын жеке тұлғаларды телевизиялық абоненттік жалғамалармен қамтамасыз ету	504
	2		Әлеуметтік көмек	365655
		451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	365655
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	241279
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	9780
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	407
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	65518
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	400
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	9865
		017	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмек, сурдотехникалық құралдар, тифлотехникалық құралдар, санаторий-курорттық емделу, міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, арнаулы жүріп-тұру құралдары, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтері мен қамтамасыз ету	2397
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	36009
	9		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	71549
		451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	71549
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	46650
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1166
		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1000
		050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	12172
		054	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	10561
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	842165
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	3483
		810	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономиканың нақты секторы бөлімі	3483

			009	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	3483
2				Коммуналдық шаруашылық	837479
	810			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономиканың нақты секторы бөлімі	837479
1	2	3	4	5	6
			012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	19288
			028	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	12880
			058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	805311
3				Елді мекендерді көркейту	1203
	810			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономиканың нақты секторы бөлімі	1203
			016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1203
08				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	300640
1				Мәдениет саласындағы қызмет	137648
	802			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі	137648
			005	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	137648
2				Спорт	11114
	802			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі	7274
			007	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	5870
			008	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	1404
	810			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономиканың нақты секторы бөлімі	3840
			014	Спорт объектілерін дамыту	3840
3				Ақпараттық кеңістік	83769
	470			Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі	24439
			005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	23000
			008	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	1439
	802			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі	59330
			004	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	59330
9				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	68109
	470			Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі	47689
			001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік оптимизімін қалыптастыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	27241
			004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	20448
	802			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі	20420
			001	Жергілікті деңгейде мәдениет, дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18020

			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	2400
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	47151
	6			Жер қатынастары	31976
		463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	31976
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23776
1	2	3	4	5	6
			006	Аудандардың, облыстық маңызы бар , аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	8200
	9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	15175
		453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	15175
			099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	15175
11				Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	4000
	2			Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	4000
		810		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономиканың нақты секторы бөлімі	4000
			039	Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	4000
12				Көлік және коммуникация	234929
	1			Автомобиль көлігі	219530
		810		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономиканың нақты секторы бөлімі	219530
			043	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	50000
			044	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	169530
	9			Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер	15399
		810		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономиканың нақты секторы бөлімі	15399
			046	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданишілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	15399
13				Басқалар	179806
	9			Басқалар	179806
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	12854
			012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	12854
		810		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономиканың нақты секторы бөлімі	166952
			025	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту	166952
14				Борышқа қызмет көрсету	71553
	1			Борышқа қызмет көрсету	71553
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	71553

			013	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	71553
15				Трансферттер	3751402
	1			Трансферттер	3751402
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	3751402
			006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	28503
			024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	3347168
			038	Субвенциялар	375731
				3. Таза бюджеттік кредиттеу	46602
1	2	3	4	5	6
				Бюджеттік кредиттер	65633
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	65633
	9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	65633
		453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	65633
			006	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	65633
				Бюджеттік кредиттерді өтеу	19031
5				Бюджеттік кредиттерді өтеу	19031
	01			Бюджеттік кредиттерді өтеу	19031
		1		Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	19031
				4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
				5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-133487
				6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	133487